



9-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ, 1-БӨЛІМ

Қорғаныс түрлері





Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Қорғаныс түрлері

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Бұл тарауда, авторлық құқықты бұзды деген талап қойылғанда, жауапкер сүйене алатын ережеден тыс жағдайлар қарастырылады. Бұл ережеден тыс жағдайлардың көбі 1988 жылы қабылданған Авторлық құқықтар, дизайндар және патенттер Заңының (CDPA 1988) 1-бөлімінің, III-тарауында өзгертілген күйінде және «рұқсат етілген әрекеттер» деп берілген. Ережеден тыс жағдайлар, тек, шағымданушы авторлық құқықтың бұзылғанын анықтағаннан кейін ғана күшіне енеді. Мұндай жағдайда, ережеден тыс жағдайлардың бірінің қолданылатынын дәлелдеу ауыртпалығы жауапкерге жүктеледі.

Ең абстрактілі деңгейден алып қарастырғанда, 1988 жылы қабылданған Заңдағы (CDPA 1988) ережеден тыс жағдайлар авторлық құқық иелерінің құқықтары мен өзге де көптеген құқықтар, бостандықтар және мүдделердің арасындағы «теңгерімді (балансты)» қамтамасыз етуге тырысады. Нәтижесінде, заңнама жиынтығы рационалды схемадан гөрі, көбісі «ерекше нақты және қатаң» анықталған ережеден тыс жағдайлардың ақылға сиымсыз жиынтығына ұқсайды. Екі рет шолу жасалғанына және 2014 жылы оларды, бірқатар қосымша ережеден тыс жағдайларды кіргізу арқылы жүзеге асырғанына қарамастан, осы күйінде қалып отыр.

Заң формасының осындай болып қалуының бір себебі, заңнамалық бостандықтың ұлттық деңгейде шектелуі. Атап өткеніміздей, Ақпараттық Қоғам директивасы репродукция, тарату және дистрибуция құқықтарын үйлестіреді, сонымен бірге ол, аталған құқықтарға қатысты ережеден тыс жағдайлар танылатын жағдайларды да реттейді. Директива «бірқатар ережеден тыс жағдайларды» қарастырады, олардың мақсаты құқық иелері мен «қолданушылар» арасындағы «әділ балансты» қамтамасыз ету. Нақтырақ айтқанда, Директивада өтпелі немесе кездейсоқ репродукция әрекеттеріне қатысты бір міндетті ережеден тыс жағдай қарастырылған және көбісі аналогтық ортаға қатысты болатын бірқатар міндетті емес «ережеден тыс жағдайлар мен шектеулерді» қарастырады. Жалпы алғанда, мүше-мемлекеттер міндетті емес ережеден тыс жағдайларды енгізу-енгізбеу мәселесінде ғана емес, сонымен қатар оларды қалай енгізу мәселесінде де тандауға ие. Тізім барынша толық: мүше-мемлекеттер өзге ережеден тыс жағдайлар мен шектеулер енгізе алмайды, әрі технологиялық ортадағы және мәдени практикадағы өзгерістерге байланысты жауап реакциясы мақсатында жаңа ережеден тыс жағдайлар мен шектеулерді де әзірлей алмайды.

Директивада келтірілген қорғану құралдары қосымша «үш сатылы критерий» делінетіннің де нысаны деп жарияланды. Ол бойынша, ережеден тыс жағдайлар тек «нақты арнайы жағдайларда» ғана «қолданылуы» керек және туындының/нысанның «әдеткі пайдаланылуына» кедергі болмауы тиіс, сонымен бірге авторлардың/құқық иелерінің «заңды мүдделеріне» зиянын тигізбеуі қажет. Бұл қосымша шектеулер бола ма, жоқ па (немесе қай кезде) және оларды ережеден тыс жағдайларды әзірлеген кезде мүше-мемлекеттердің заңнамалық органдары «пайдалануы» керек пе, әлде оларды пайдаланған кезде мүше-мемлекеттерің соттарында жүзеге асуы керек пе, немесе оларды заңнамалық органдар мен мүше-мемлекеттердің соттары да «пайдалануы» керек пе екендігі анық емес. Еуропа Сотына әлі де, (ережеден тыс жағдайлардың тек құқық иелеріне деген әсеріне ғана тікелей бағытталған) «үш сатылы критерий» мен ережеден тыс жағдайлар құқық иелері мен қолданушылардың негізгі құқықтары мен мүдделерінің арасындағы балансты әділ түрде қамтамасыз етуі керек деген идеяның өзара анық қарама-қайшылықтарымен бетпе-бет келуіне тура келеді.

1988 жылы қабылданған Заңдағы (CDPA 1988) ережеден тыс жағдайларды жеке-жеке қарастырмас бұрын, біз, ережеден тыс жағдайлардың көбісінде кездесетін кейбір тұжырымдамаларға тоқталамыз, олар - адал пайдалану, коммерциялық емес мақсатта пайдалану, заңды пайдалану және жеткілікті дәрежеде мойындау, сонымен бірге қолданушылардың еркіндігі шарттық келісіммен шектелмеуін қамтамасыз етуге бағытталған, белгілі бір ережеден тыс жағдайларға қолданылатын ережелер. Арнайы ережеден тыс жағдайларда жиі қолданылатын алты негізгі тұжырымдамамен таныстырып өткіміз келеді.

Ең маңызды тұжырымдама «адал пайдалану» болуы мүмкін. Аталған талап алты қорғанудың әрекетін шектейді:

- зерттеу немесе жеке зерттеу мақсаттарында адал пайдалану (29-бөлім (1) және (1C));
- сын-пікір немесе шолу жасау мақсаттарында адал пайдалану (30 (1)-бөлім);
- «цитация» үшін адал пайдалану ережеден тыс жағдайы қолжетімді (30(1ZA)-бөлімі, 2014-жылы енгізілген)
- ағымдағы уақиғалар туралы есеп беру мақсатындағы адал пайдалану (30(2)-бөлім);
- «пародия, карикатура немесе стилизация» үшін адал пайдалану (30A(1)-бөлім, ол да 2014 жылы қосымша ретінде енгізілген) және
- оқытуда иллюстрация ретінде адал пайдалану (32-бөлім).

Бұл контекстте «пайдалану» дегеніміз жауапкердің жұмысты қолдануын білдіреді. Пайдалану,



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Қорғаныс түрлері

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

тараптардың арасында қандай да бір келісімдердің немесе транзакциялардың жүргенін білдірмейді. Осы ережелерге сәйкес (цитация үшін адал пайдалану ережеден тыс жағдайынан өзге), «адал пайдалану», 1988 жылы қабылданған Заңда көрсетілген арнайы мақсаттарға ғана сай қолданылуға рұқсат етілген. Бұл, пайдалану, зерттеу немесе жеке зерттеу, сын-пікір немесе шолу, цитация, ағымдағы оқиғалар туралы баяндау, пародия немесе «оқытудағы иллюстрация» мақсаттарында адал қолданылуы тиіс дегенді білдіреді. Демек, туындының қандай да бір мақсатта, жалпы алғанда адал қолданылғаны, егер ол заңда көрсетілген болмаса, маңызы жоқ. Біріккен Корольдіктерде қабылданған шектеулі әдіс, егер сот туындының адал пайдаланғанына көзі жетсе, жалпы алғанда адал қолдануды қорғайтын және содан да ол құқықбұзушылық болып есептелмейтін АҚШ авторлық құқық туралы заңымен салыстырылуы қажет.

Жұмыстың қолданылған мақсатын анықтауда, критерий болжалды құқықбұзушының субъективті ниеттеріне тәуелді емес; бұған қарағанда объективті әдіс қолданылады, яғни қарастырылып отырған мәселе зерттеу, сын-пікір, инструкция, пародия немесе баяндама «контекстінде» ме, жоқ па деген.

Егер пайдалану аталып өткен арнайы мақсаттардың біріне сәйкес келсе, онда пайдалану адал болды ма, жоқ па деген сұрақ қарастырылуы қажет. «Адалдық» оның деңгейі мен әсерге байланысты анықталады делінеді.

Пайдалану адал ма, жоқ па екендігіне қатысты шешімдерге әсер ететін тағы бір фактор - қарастырылып отырған туындыны қолдану. Кейбір жағдайларда, біреудің туындысын комментарийсіз немесе талдамасыз репродукциялау «адал» деп табылуы мүмкін (мысалы, зерттеуде немесе оқытуда).

Жеке басының коммерциялық мүддесі үшін авторлық құқықпен қорғалған туындыны қолдану және одан авторлық құқық иесіне фактуалды немесе потенциалды зардап келсе, онда ондай пайдалану - «адал пайдалану» болмайды.

Пайдалану адал ма, жоқ па деген шешімге әсер ететін тағы бір фактор, пайдаланудың туындының нарығына ететін әсерімен байланысты. Бұл, әсіресе, егер тараптар бәсекелес болса, ал жауапкердің туындыны пайдалануы оны сатып алудың орнын алмастырса, өте маңызды.

Егер әлі жарияланбаған немесе көпшілікке кеңінен қолжетімді етілмеген жұмыс пайдаланылса, онда бұл пайдалану адал екендігін дәлелдеу қиынға түседі. Негізінен, егер туынды бұрын көпшілікке «қолжетімді» етілмесе, сын-пікір немесе шолу жасау және цитация үшін адал пайдалану қорғануы қолжетімді болмайды.

Авторлық құқықпен қорғалған материалға қол жеткізудің әдісі немесе жолы да, пайдаланудың адал ма, жоқ па екендігін анықтайтын факторлардың бірі.

Пайдалану адал болды ма, жоқ па деген шешімге әсер ететін тағы бір фактор болжалды құқықбұзушының мотивімен байланысты. 46 Мысалы, егер тұлға ұждансыз немесе соттар күмәнді деп тапқан мотивтер негізінде әрекет етсе (мысалы, таза пайда табу мотиві), бұл қорғану барысында тұлғаның өзіне қарсы жұмыс жасайды.

Кейбір жағдайларда, соттар, мақсатқа, авторлық құқықтар иелерінің құқықтарына қол сұқпай-ақ, басқа да тәсілмен қол жеткізуге болар ма еді деген сұрақ қойды. Бұл критерийдің пайдаланудың адал болған-болмағанын анықтауда қолданылуына қатысты аздаған қарсылықтар болғанымен, оны соттардың қолдануына келгенде бірқатар қиындықтар туындауы мүмкін. Мұны біз *Hyde Park Residence v. Yelland* ісінен көре аламыз. Аталған іс авторлық құқықтары арызданушыға тиесілі, қауіпсіздік мақсатындағы бейнежазбадан Доди Файед пен Уейлс принцессасы Диананың кадрларын жариялаған *The Sun* газетіне қарсы жеңілдетілген сот талқылауына деген талапты қарастырған-тын. Жауапкер, кадрларда Файед пен Диананың Уиндзор Вилласында болған кездері бейнеленген деп қарсы дау айтты, нәтижесінде, Мұхаммед әл-Файедтің мәлімдемелерінің жалғандығы көрсетілді. Апелляциялық сот, *The Sun* үшін бейнежазбадан алынған кадрларды жариялаудың қажеттігі болмағанын, кадрларды жарияламай-ақ, сөзбен жазып та сол нәтижеге қол жеткізуге болатын еді деп шешті. Лорд-судья Олдос былай деді:

Доди мен принцесса Диананың келу мен кету уақыты туралы ақпарат *The Sun* газетінің репортерінің мақаласында, репортердің принцесса мен Доди мырзаның виллада тек 28 минут қана болғанын дәлелдейтін фотографияларды көргенін айтуы арқылы сөзбен де берілуіне болушы еді.

Ережелерден тыс жағдайлардың көбісі, пайдаланудың «коммерциялық емес мақсатта» екендігіне байланысты. Бұл пайдаланудың тікелей коммерциялық түрін ғана емес, сонымен бірге жанама түрде коммерциялық болатын пайдалану түрін де қамтиды делінеді. Бұл жердегі «коммерциялық» ұғымы, сауда маркаларына қатысты «сауда» тұжырымдамасымен бірдей, яғни «экономикалық іс-әрекетке» жатады.

Ақпараттық қоғам туралы директиваның 42-ші декларативтік бөлімі коммерциялық емес іс-әрекет критерийі «әрекетке» қатысты деп айқындайды. Ұйымдастырушылық құрылым мен қаржыландыру



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Қорғаныс түрлері

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

құралдары «бұған қатысты шешуші факторлар болмайды».

Пайдалануды «жанама коммерциялық» деп қарастыру керек пе, жоқ па дегенді анықтауға қатысты өзге де мәселелер туындайды: коммерциялық пайда қаншалықты алшақ бола алады және солай бола тұра қалай релевантты бола алады? Біздіңше, бұған жауап, пайдалану «жанама коммерциялық» деп категорияланбас бұрын, ол коммерциялық іс-әрекетпен тығыз байланыста болуы керек.

Мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолжетімді көшірмелерді жасау және қамтамасыз етуге қатысты ережеден тыс жағдайлар коммерциялық емес ұйымдармен шектеледі.

Еуропалық заңнамаға сәйкес, бірқатар ережеден тыс жағдайлар, пайдаланушының «заңды қолданушы» немесе «заңды иеленуші» болуымен байланысты.

Талап етілген кезде, жауапкер туындыны да және оның авторын да анықтағанын дәлелдеуі қажет.

1988 жылы қабылданған Заң есімізге салатындай, әрекеттің рұқсат етілген әрекеттердің қатарына кіретінінің өзі, оның өзге заңды құқықтарға қарама-қайшы келмейтінін білдірмейді және мұның айқын мысалы ретінде келісімшартты бұзуды айтуға болады. Туындылардың қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін цифрлық құралдарды қолданудың өсуімен байланысты, қолданушылар Заңға сәйкес, өз бостандықтарының шектелуі әрекеттерімен жиі кездеседі.

Ақпараттық қоғам туралы директиваның 5(1)-бабына (Біріккен Корольдіктерде 1988 жылы қабылданған Заңның 86 28А-бөлімінде енгізілген) сәйкес, уақытша көшірме жасаушы тұлға жауапкершілікке тартылмайды, тек егер:

- көшірме уақытша немесе кездейсоқ болса
- көшірмені жасау - «технологиялық процесстің ажырамас және маңызды бөлігі» болса;
- көшірме жасау, туындыны үшінші тараптар мен делдал арасындағы желіге трансмиссиялау үшін немесе туындыны заңды түрде қолдануды қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылса; және
- уақытша көшірменің «дербес экономикалық маңызы» болмағанда.

Аталған шарттар, уақытша репродукция әрекеттерінің қай кезде заңды болып табылатынын болжауды қиындатты. Осыдан да, 5(1)-бабының мағынасын Еуропа Соты бірнеше рет қарастырғаны таңсық емес болар. Алғашқы үш іс Infopaq I, Infopaq II және Football Association Premier League (FAPL) v. QC Leisure болды.

Бірінші - көшірме уақытша немесе кездейсоқ болуы тиіс деген талап Infopaq I ісінде қарастырылды. Аталған істе, Еуропа Соты, уақытша деп танылуы үшін, әрекеттің ұзақтығы процесстің аяқталуына қажетті уақытпен бірдей болып шектелуі тиіс және содан соң, көшірме автоматты түрде және адам араласуынсыз өшірілуі тиіс деп анықтады.⁹⁰ Басып шығару да, қолжетімділік үшін кітапхана терминалдарына арналып жасалған көшірмелер де уақытша көшірме болмайтыны анық бірақ, скандалған нұсқа болуы мүмкін (ол процесстің егжей-тегжейлеріне байланысты анықталады).

Екінші - репродукция технологиялық процесстің « ажырамас және маңызды» бөлігі болуы тиіс деген талап Infopaq II ісінде қарастырылды. Онда Еуропа Соты, «уақытша репродукциялау әрекеті толығымен технологиялық процессті енгізу контекстінде жүруі керек және сондықтан да, оның толығымен немесе бір бөлігінің сол процесстен тыс жүруіне рұқсат етілмейді» деді. Ойдың аталғандай тиянақталғанына қарамастан, Еуропа Соты, тіпті процесс, газеттерді скандау сияқты адам бастамасымен жүзеге асса да, қанағаттандырыла алады деп анықтады.

Үшінші, көшірме жасаудың мақсаты - туындыны үшінші тараптар мен делдал арасындағы желіде трансмиссиялау болуы немесе туындыны «заңды қолдануға» мүмкіндік беруі керек деген талап - FAPL және Infopaq II істерінде қаралды. Екеуінде де заңды қолдану тіркесінің мағыналық аясының кеңдігі анықталды. In FAPL, it was held that receipt of a satellite broadcast was lawful and thus the creation of the buffer copies did not give rise to liability.⁹⁷ In Infopaq II, it was suggested that the making of a summary of a newspaper article, being a use that the copyright owner could not prevent, might justify the making of temporary copies by a technological process that facilitated that use.

Жеке зерттеу, компьютерлік бағдарламалардың резервтік көшірмелері және трансляциялардың уақытын өзгертуге қатысты ережеден тыс жағдайлардан өзге жағдайларда, Біріккен Корольдіктер заңы, жеке қолдануға рұқсат ететін ережеден тыс жағдайларды мойындамайды. Демек, заңды түрде алынған CD-дискілердің контентін, MP3-плеер, iPhone немесе iPod сынды портативті құрылғы арқылы қолдану үшін көшірмесін жасау - заңсыз «көшіру» әрекеті болады (орындалған және жазылып алынған музыкалық және әдеби туындылар да солай болуы мүмкін). Бірақ дыбыс жазу индустриясы мұндай көшірмелерді жасауға лицензия ұсынбаса да, дыбыс жазбаларындағы құқықтарды мұндай көшірмелерге қарсы қолданбаса да, ол солай.



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Қорғаныс түрлері

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Ақпараттық қоғам туралы директиваның 5(2)(b)-бабы рұқсат беретін еркіндікке негізделе отырып, 1988 жылы қабылданған заңға (CDPA), тұлғаға, белгілі бір шектелген жағдайлар аясында туындының жеке бас қолдануына арналған көшірмелерін жасауға рұқсат беретін өзгерістер енгізілді (компьютер бағдарламаларынан өзге). 28В-бөлімі, жеке тұлғаға, өзіне тиесілі және заңды жолмен алған контентті басқа тасымалдаушыға немесе құрылғыға, өзінің жеке бас қолдануы мақсатында көшіруіне рұқсат береді.

1988 жылы қабылданған Заңның (CDPA) 29(1)-бөлімінде, туындыны коммерциялық емес мақсаттағы зерттеуге немесе жеке зерттеуге адал пайдалану авторлық құқықбұзушылық болмайды деп қарастырылған.

Аталмыш қорғанудың негізі, зерттеулер мен жеке зерттеулер жаңа туындылардың туындауы үшін аса маңызды деген сенімде жатыр. Сонымен қатар, коммерциялық емес және жеке зерттеулер, әдетте, авторлық құқық туындыгерлер мен құқық иелерін қамтамасыз ететін ынталандыру мен сыйақыға әсер етпейді деп есептеледі.

Жауапкер зерттеу немесе жеке зерттеумен байланысты қорғануға сүйенуі үшін, туындының қолданылуы мына түрлерге сәйкес екенін дәлелдеуі керек:

(i) коммерциялық емес зерттеу мақсатында немесе (ii) жеке зерттеу үшін, болмаса (iii) мақсаты «коммерциялық емес» болатын және (iv) пайдаланудың «адал» болғанын көрсететін. Зерттеу жағдайына қарасты, қолданылатын туынды мен автор жеткілікті деңгейде мойындалған болуы тиіс (белгілі бір ережеден тыс жағдайларды есепке алмағанда).

29(1) бойынша қорғану үшін, жауапкер, пайдаланудың зерттеу мақсатында болғанын дәлелдеуі керек.

Австралиялық құқық, «зерттеу» дегеніміз, сұрақты жүйелі түрде «зерттеу» дегенді білдіреді дейді. Мұның аясына, профессор болсын, докторант болсын немесе эссе жазып жүрген студенттің академиялық қолдану мақсатында фотокошірме жасауы да кіретіні сөзсіз.

«Жеке зерттеу» ережеден тыс жағдайы 1911-жылдан бастап енгізілген болса да 148, оның мағынасын сот тәртібімен нақтылау талап етіледі. Егер «жеке зерттеу» тіркесіне өзінің әдеттегі мағынасын берер болсақ, онда бұл ережеден тыс жағдай семинарға дайындалып жүрген студенттің немесе эссе жазуға көмектесіп жүргеннің де, тіпті немесе оларға қандай пеш сатып алуға кеңес беру үшін де жасалатын көшірмелердің кіруі мүмкін ғой. Алайда, қорғануды пайдалану талаптарына сай келу үшін, туындыны пайдалану - адамның өзінің жеке зерттеуіне қатысты болуы тиіс.

Екі ережеде де «коммерциялық емес» әрекеттер ғана қарастырылады деп шектелген. Жеке зерттеуге 178-бөлімде, тікелей немесе жанама түрде болсын коммерциялық мақсатта қолданылмайтын кез-келген зерттеу деп анықтама берілген. Ережеден тыс жағдай, зерттеулер мен академиялық мақсаттағы немесе жеке білім алуға арналған жеке зерттеулердің барлығын дерлік қамтиды. Керісінше, егер туынды (мәліметтер базалары сияқты), жаңа дәрі-дәрмектерді нарықтық сынақтан өткізуге немесе коммерциялық тренинг-курсында қолданылса, мұндай әрекет қорғану аясына кірмейді.

Жауапкер туындыны жеке зерттеуіне немесе коммерциялық емес мақсаттағы зерттеуге қолданғанын көрсетуі - аталған пайдалану міндетті түрде жауапкершіліктен босатылады дегенді білдірмейді; сонымен бірге, пайдаланудың адал болғанын да дәлелдеу қажет етіледі. Алдында айтып өткеніміздей, пайдалану адал болды ма, жоқ па деген шешім шығаруға бірқатар түрлі факторлардың әсері болады.

Егер туынды коммерциялық емес зерттеулерде пайдаланылса, онда осы ережеден тыс жағдайды, тек оған қатысты «жеткілікті растау» болғанда ғана қолдана алады. 155 Алайда, тиімділік тұрғысынан немесе өзге де себептерге қарай растау жасау мүмкін болмаса, онда бұл талапты айналып өтуге болады.

2014-жылдан бастап, 1988 жылы қабылданған Заңға (CDPA) жаңадан 29А бөлімі енгізілді. Ол бойынша адамға, егер ол «тек коммерциялық емес мақсатта» болса ғана, «туындыдағы барлық нәрсені компьютерлік талдау» мақсатында көшірмелер жасауға рұқсат етіледі.

1988 жылы қабылданған Заңның (CDPA) 30(1)-бөлімі, кез-келген туындыны, сын-пікір айту немесе шолу жасау үшін пайдалану, авторлық құқықтарды бұзбайды деп қарастырады; 30(1ZA)-бөлімі, егер сын-пікір, шолу жасау үшін немесе осы сынды өзге мақсатта туындыдан цитация алынса, онда ол құқықбұзушылық болмайды деп қосады.

30(1)-бөлімінде қарастырылған ережеден тыс жағдайының аясында қорғалу үшін, пайдалану туындыға, өзге туындыға немесе туындының қойылымына білдірілетін «сын-пікір немесе шолу жасау» мақсатында болуы тиіс.

Сын-пікір білдіру немесе шолу жасау және цитацияға қатысты ережеден тыс жағдайлардың екеуі де, тек, туынды бұрын көпшілікке қолжетімді етілгенде ғана қолданыла алады.

Жауапкер, туындыны пайдалану сын-пікір білдіру немесе шолу жасау мақсатында немесе цитация үшін орын алғанын дәлелдеген соң, пайдаланудың адал болғанын да дәлелдеуі тиіс.



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Қорғаныс түрлері

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Сын-пікір білдіру немесе шолу жасау мақсатында пайдаланудың адал немесе адал емес болғанын шешу кезінде, соттар, айтылған сын-пікірдің өзі әділ немесе әділ емес екендігіне назар аудармайды.

Цитацияға қатысты ережеден тыс жағдайдағы адал пайдалану талабынан кейін тұратын негізгі шарт - цитация өзі қолданылған нақты мақсатқа қажет деңгейден артық қолданылмауы тиіс, сонда ғана қорғануды қолдануға болады. Сондықтан да, цитация мақсатында адал пайдалану контекстінде, пропорционалдық мәселесі, пайдалану «адал» болуы тиіс деген талапқа тәуелсіз эксплицитті түрде шешілген.

Сын-пікір білдіру немесе шолу жасау ережеден тыс жағдайы аясында қорғануды пайдалану үшін, туындыны пайдаланудың адал екені, оны дәлелдеу тиімділік немесе өзге де тұрғылардан мүмкін емес болмаса, міндетті түрде «жеткілікті түрде расталуы» керек.

Пародиялар, айтарлықтай бөлікті алу туралы тиымды бұзған жағдайда, мұндай қолдану, «адал пайдалану» ережеден тыс жағдайы арқылы жауапкершіліктен айналып өте ала ма деген сұрақ қарастырылуы қажет. 2014 жылдың 1-қазанына дейін, бұған, пародия туындыға білдірілген сын-пікір немесе шолу ретінде қарастырыла ала ма деген сараптама кірген болатын, әрі сол мақсат үшін пайдалану адал ма және нәтижелі пародияның белгісі болатын имплицитті мойындау - жеткілікті растау талабын қанағаттандыру үшін жарамды ма деген талдамалар да кіретін.

«Карикатура, пародия және стилизация» қандай кезде «әділ» ретінде қарастырылатыны Біріккен Корольдіктер заңнамасында пысықталмаған. Соттар, «адал пайдаланудың» өзге де салалардағы юриспруденциясына сүйенеді деп күтілгенімен, Еуропа Сотының параллельді талап, яғни «мүдделердің теңгерімін ұстау» талабын қабылдауы, басқаша әдістеменің сай болатынын болжап берді.

1988 жылы қабылданған Заңның (CDPA) 30(2)-бөлімі кез-келген туындыны (фотографиялардан басқа) ағымдағы оқиғаларды баяндау мақсатында адал қолдану, 217 егер жеткілікті растаумен қамтамасыз етілсе, авторлық құқықты бұзбайды деп қарастырады. Алайда, ағымдағы оқиғаларды баяндау дыбыс жазу құралдары, фильм немесе трансляция арқылы жүзеге асса, ол жерде тиімділікке немесе өзге де себептерге байланысты жеткілікті растау мүмкіндігі болмайтындықтан, талап етілмейді.

Осы қорғаныс аясына ену үшін, пайдалану (i) оқиғаға қатысты болуы керек, (ii) оқиға ағымдағы уақытта орын алуы тиіс және (iii) пайдалану сол ағымдағы оқиғаны баяндау мақсатында болуы тиіс.

Егер жайт заманауи мәселеге қатысты болса, ол ағымдағы оқиға бола алады. Жайт неғұрлым ескі болса, соғұрлым оның ағымдық сипаты болмайды делінеді. Дегенмен, біраз уақыт бұрын болған жайт, егер ол әлі де талқыланып жатса, ағымдағы бола алады. Мысалы, Hyde Park ісінде, бірінші инстанциялы Сотта да, Апелляциялық сотта да (аса үлкен ықыласпен болмаса да), The Sun басылымындағы кадрлар, Файед пен Принцесса Диананың Уиндзор Вилласына келіп кеткенінен кейін бір жылдан кейін жарияланса да, аталған жайттардың ағымдық сипаты бар деп танылды.

Жауапкер, пайдалану ағымдағы оқиғаларды баяндау мақсатында болғанын дәлелдеген соң, ол пайдаланудың адал болғанын дәлелдеуі қажет. Апелляциялық Соттың пікірінше, «егер авторлық құқық иесі жазған сөздерді білуге деген көпшілік тарапынан қызығушылықтың үлкендігі, оны жариялау арқылы келтірілген зиян үшін ақы төлеуден немесе пайда тұрғысынан төлемге қатысты шектеулерге қарамастан жарияланса», онда ол материалға қорғаныс қолжетімді болуы тиіс.

Қала пейзажы авторлық құқықпен қорғалған туындыларға толы (фреска, ғимараттар, скульптуралар және жарнама хабарламалар сияқты).

Аталған мәселе бойынша қандай да бір заңнамалық ережелер болмаса да, жауапкер, әрине, бұл өте сирек жағдай болса да, пайдалану «қоғам мүддесіне орай» жүзеге асты деген негізде авторлық құқықты бұзушылық туралы шағымға қарсылық білдіре алады. Hyde Park Residence v. Yelland ісі, The Sun газетінің Доди Файед пен уельс принцессасы Диананың, авторлық құқығы шағымданушыға тиесілі, күзет бейнежазбаларынан алынған кадрларын жариялағаны үшін жеңілдетілген сот шешіміне қатысты жүрді. Жауапкер, кадрлар Файед пен принцессаның Виндзор вилласында болған кездерін көрсетеді, әрі сол арқылы Мұхаммед әл-Файедтің мәлімдемелерінің жалған екендігін дәлелдейді деді; осыған орай, кадрларды жариялау көпшілік мүддесіне сәйкес делінді.

Авторлық құқық туралы заңда мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтарына көңіл аз бөлінген. Аталмыш адамдар тобына арналған нарық жеке, нарыққа негізделген қамтамасыз етушілерді онша тартпаса, ал авторлық құқық туралы заң мүмкіндігі шектеулі адамдардың коммерциялық нарықта еркін айналымдағы туындыларға қолжетімділігін айтарлықтай шектейді.

Өзгертілген күйінде, 31А-бөлімі, көпшілікке қолжетімді туындылардың модификацияланған нұсқаларын жасауға рұқсат етуге бағытталған, ол арқылы физикалық немесе ақыл-ес кемдігі бар («мүгедектерге») адамдар туындыға қол жеткізуі оңайлана түседі. 31А(1)-бөлім туындылардың (барлық типтерінің) жеке



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Қорғаныс түрлері

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

қолдануға арналған нұсқаларына байланысты мәселелерді қарастырады. Бұл, егер адам мүгедек болса және мүгедектік мүмкіндігі шектеулі адам ретінде оған тиесілі (немесе оны тұтынуға заңды құқығы бар) туындыны тұтынуына кедергі болса рұқсат етіледі.

Маракеш Келісімін енгізе отырып, 298 2017-жылдың 13-қыркүйегінде қабылданған 2017/1564 директива (ЕО), заңға өзге де ЕО өлшемдерін қосты. 299 2018 жылдың 11-қазанынан бастап, мүше-мемлекеттер, соқыр немесе «баспа өнімдерін қолдана алмайтындарға» көмек ретінде авторлық құқықпен қорғалған туындыларға қатысты белгілі бір әрекеттерге рұқсат беруге тиіс.

Білім саласы авторлық құқықтарды реттеудегі ең күрделі салалардың бірі. 316 Бір жағынан, ақпаратты трансмиссиялау және қолдану білім саласының негізі. Қажетті материалдарға деген қолжетімділіктің болуы, шынында, білім процесінің сәтті болуының кепілі. Мысалы, заң саласын меңгеріп жатқан студенттердің қажетті істерді, заңнаманы, статут инструменттерін (нормативті актілерді) және түсініктемелерді (комментарийлерді) оқуға, тексеруге, зерделеуге және бағамдауға мүмкіндіктері болуы тиіс.

32-бөлім бойынша, «инструкция беру» және «экзамен» ісіне араласатындарға «адал пайдалану» ережеден тыс жағдайы аясында туындыларды пайдалануға рұқсат етіледі. Қорғаныстың бұл түрін барлық туынды типтері мен барлық тиым салынған әрекеттерге қатысты пайдалануға болады.

Қорғаныс, инструктордың оқыту немесе осыған қатысты жасаған барлық әрекеттерінің барысында кез-келген «адал пайдалануына» рұқсат береді. Қорғаныс үшін талап етілетін басты біліктілік - әзірленген тұжырымдамасы жоқ «адалдық» біліктілігі.

33-бөлім, егер жарияланған әдеби немесе драмалық туындының «қысқа үзінділері» білім беру мекемелерінде қолданылуға арналған жинақтарға кіргізілсе, ол құқықбұзушылық емес деп қарастырады.

Әдеби, драмалық немесе музыкалық туындыларды білім беру мекемесінде, оқытушылар мен білім алушылардан тұратын аудитория алдында қою, ойнау немесе көрсетуге орай арнайы қорғаныс бар.

2014 жылғы өзгерістер негізінде көп кеңіген 36-бөлім, 347 егер лицензиялар қолжетімсіз болса, білім беру мекемелері кез-келген жылы басылып шыққан туындылардың (көркемөнер туындылары немесе трансляциялардан басқа) 5 процентін білім беру мақсатында авторлық құқықтарды бұзбай пайдалана алады.

Цифрлық бірінғай нарықтағы авторлық құқық туралы Ұсынылған директиваның 4-бабы, егер ол қабылданса, туындыларды немесе өзге де нысандарды оқытудағы иллюстрация және дәлелденген коммерциялық емес мақсатта цифрлық қолдануды рұқсат етуді міндетті ережеден тыс жағдай ретінде енгізетін болады.

Көпшілікке арналған кітапханалар мәдени өнімдердің репозиторийі ретінде де, туындыларды көпшілікке қолжетімді етуде де маңызды мәнге ие. Алғаш рет, заңды түрде депозиттеу туралы талап шыққаннан бастап маңызды орын ретінде орнықты, атап айтқанда кітаптарды арнайы кітапханаларда сақтау туралы талап.

1988 жылы қабылданған Заң (CDPA), кітапханашылар мен архив қызметкерлеріне бірқатар қорғаныс түрлерін белгіледі. Ол бойынша, олардың кітапхана оқушыларының контентті қолдануын, қорларды сақтауды және кітапханалар арасындағы әріптестікті қамтамасыз етуді оңайлатуы көзделген.

Кітапханалар қорлары әртүрлі болатындықтан, кейбір туындылар бір кітапханаларда бар болуы, ал кейбірлерінде жоқ болуы мүмкін. Бір кітапхана қолданушылары басқа кітапханалардың қорларын пайдалана алулары үшін, бір кітапхананың материалдары көшіріліп, екіншісіне берілуі қарастырылған.

Көркемөнер туындыларын көпшілік алдында көрсетуге қатысты арнайы қорғаныс бар. 447 1988 жылы қабылданған Заңның 62-бөлімі, (а) ғимараттарға және (б) скульптураларға, ғимараттардың модельдеріне және көркем қолөнер туындыларына деген авторлық құқықтар, егер олар көпшілік орындарда орынқтырылған болса немесе көпшілікке ашық ғимараттарда орнатылған болса, онда оларды лицензиясыз-ақ графикалық туындыларға түсіруге, фотографиялауға, бейнежазбалауға немесе трансляциялауға болады деп таниды.